

Ә. А. ОРЫНБЕТОВА

ОНОМАСТИКАЛЫҚ АТАУЛАРДЫҢ МӘТІН ТҮЗУШІ ҚЫЗМЕТІ

Тілдік санада халықтың болмысы мен рухының, мәдениетінің ішкі мазмұны, қасиеті көрініс табады. Үлт пен тіл біртұтас дейтін болсақ, оны тарихы мен шаруашылық мәдениетін, нағым-сенімдері мен болмысын айқындайтын үлттық дүниетаным мен тіл біртұтас деп айтуымызға өбден болады, себебі үлт екеуі үлт танымының ментальді және вербальді көріністері. Мұның ішінде біз қарастырып отырған «Абай жолы» романындағы ономастикалық атаулардың ерекшелігі мол. Себебі мұндағы ономастикалық атаулар халықтың тарихымен, үлттың дүниетанымымен тығыз байланысты. Әрбір атаудың семантикасында этностың болмысын танытатын мәдени ақпараттар жинақталған. Мұндай лингвистикалық семантика когнитивтік лингвистиканың дереккөзінің бірі. Онда тұтас бір қофамдастықтың, этностың таным деңгейі байқалады. Ал жалқы есімдердің семантикасы жеке тұрып та, мәтіндік құрылымда да өз позициясына берік. Оған себеп, жалқы есімдердегі халықтың нағым-сенімі, болмысы, тарихы мен мәдени шаруашылығына қатысты ақпараттардың мол сакталуынан. О. И. Фонякова кең тұрғыдан алғанда жалқы есімнің мағыналы құрылымына мыналарды енгізеді. «1) антропоним, зооним, мифонимдердің колдануына орай заттық, грамматикалық, сандық, септік тұлғасы, жанды затқа қатысты мағынасы; 2) жеке лексикалық, онимнің семантика-номинативтік (дено-тативтік) және прагматикалық мағынасы; 3) түрлі тілдік қосымша мағыналар (коннотациялар) (есімдердің стилистикалық, эмоциялық, экспрессивті, әлеуметтік бояулары); 4) «психикалық» семантика – сөйлеушінің санасындағы денотат туралы, сөйлеуші ұғым мен оның жеке әлеуметтік топтарының санасындағы, сондай-ақ индивидтің санасындағы дыбысталумен байланысты түрі ассоциациялардың денотаты (референті) туралы түсінік; 5) әлеуметтік және шынайы энциклопедиялық сипаттағы «фондық білімдер» деп атаптын ренимдердің мәдени-тарихи семантикасы» [1, 23] деп 5 топқа бөліп көрсетеді.

Ғалымның айтып отырған фондық білімдер дегені белгілі бір тілдік таңбаға тән және оны айқындайтын білімдер жүйесі. Ол этностың этно-әлеуметтік немесе мәдени-тарихи семантикасына қатысты болуы да мүмкін. Мысалы, роман-

дағы: *Тогалақ көп ел болса да қонысы аз, жері тарлық себепті әр қоныста қалың топ ауылдар бол жсі қонады. Бұлардың туысы Сақ деген ел бар. О да осындағы мол өскен елдің бірі. Сақ-Тогалақ кейде аттары қосылып айтылатын бір-ақ ел тәрізді, өздері тату. Және жаманышылығы, сотқарлығы аз момын ел. Саны көп болғандықтан үлт елді басынып, зорлық ету оңай емес* [2, 275] деген мәтіндегі Сақ, Тогалақ атаулары жеке тұрып рудың атын білдіргенімен, оның семантикасында бірлестіктін, елдің мәні жатыр. Ал үлт жерде Сақ-Тогалақ атауы тату-тәтті, ешкімге жаманышылығы жоқ момын ел ретінде мәтінге негіз болып тұр және жеке тұрғандағы сипаттына қарағанда мұнда бағалауыштық мән басым.

Сөз мәтіннің негізгі бөлшегі ретінде оның мазмұнды доминанты болып табылады да мәтіннің талабына сәйкес өзінің жеке мазмұнын да модификациялайды. Мұндай құбылысты айқын аңғару үшін пайдаланылатын мәтіндік деректердің көзі – көркем әдебиет. Мысалы, Құнанбайдың анасы – Зерені халықтың, исі Тобықтының құрмет тұтуы, Ырғызбай руының кеменгер кариясы ретінде сыйлауы, оған үлкен шаңырақ иесі ретінде табынуы қарт өзенің әділдігі мен мейірімділігіне ғана емес, сонымен катар, тіпті ен алдымен осы жүйенің сакталуымен де байланысты. Шығармада Құнанбайдың татуласқан Бөжейдің Зеренің үйіне келіп отырғып, оны «біздің анамыз», яғни тайпа анасы деп атауында да үлкен мән бар. Профессор Б. Тілеубердиев жалқы есімдердің семантикасына қатысты айта келіп: «Семиотикалық тұрғыдан жалқы есімдерді (онимді) зерттеу кезінде жалқы есім семантикасы мәселесі негізгі мәселелердің бірі болып табылады, үлт мәселе теориялық ономастикадағы ең курделі әрі таластартысты мәселелердің бірі болып калуда. Кез келген жалқы есім – үлт, ең алдымен, жалпы лексикалық бірліктің барлық айырмалық белгілері мен сипаттына тән сөз. Сонымен катар жалқы есім тек өзіне ғана тән және жалпы есімдерден ерекшеленіп тұратын бірқатар семантикалық және семиотикалық өзгешеліктерге ие» [3, 27] деген пікір айтады. Ал М. Оразов: «Шындығында сөз мағынасының құрамында әрі объективтік, әрі субъективтік сипаттағы ие болатын мағыналық элементтер бар. Сондықтан да сөз мағынасын көп

қатпарлы категория деп атайды. Сонымен бірге сөз мағынасында өрі жалпы универсиалдық қасиеттермен бірге жеке адамдарға, индивидке байланысты болған мағыналық элементтердің де бар екендігін мойындаған жөн» [4, 5] дейді. Мысалы, *Абай көпке жетер сөзін соларға анықтап, үгіндырып айтты. Бұл келгендер – Абайдың ескі көз таныс тату қайықшы Сейіл мен қала көпшілігіне аты мәлім, сөзі дәрі Бектогай Ботабаев дейтін Ақботаның қазагы. Өзі көп ел ішіне кірме, аз үй Кыпшақтан шыққан* [2, 327] деген мысалдардағы Ақботаның қазағы тіркесінің семантикасынан жер атауының жеке адамға қатысты мағыналық сипатын байқайды. Есім денотаты тұрасында айтылғанда «Абай жолы» эпопеясындағы жалқы есімдердің бойындағы барлық мәдени ақпараттардың өзі осы айтылған энциклопедиялық белімдерді жинақтаушы дүниелер. Себебі тіл өз бойында адамзат тарихының мыңжылдық шежіресі мен танымын, ғаламдық тәжірибесін жинақтай отырып, ұлттық мәдениетпен байланысты болады. Романдағы: *Шалқар деген кең төскей, мал жайлай құлтырып тұр екен. Өзені тұнық, үллагы тастай сұық, қоғалы ұшан-теңіз, ұзыны мен көлденеңі бірдей, құнан шаптырымдай. Шалқар десе, Шалқар еді. Құндіз-түні айықпай, самал бол есемін Арқаның майда қоңыр жесі Шалқарда, әсіресе рақат лебіндей майысын, желпітін. Төрінде бетегелі белестері бар-жасыл жібек толқынындаи. Осы Шалқарда биыл қонған ауылдар көп екен* [5, 47] деген мысалдағы Шалқар сөзі белгілі бір нысанның атауы ретінде мәдени ақпаратқа ие болып тұр, *Шалқар десе, Шалқар еді* дегеннің өзінде үлкен ұфым жатыр. Жалпы, ұлттық мәдениет, оның рухани және материалдық түрлері тілге ұлттық сипат беріп, тілдің ономастикалық қабаттарының этномәдени негізде қалыптасуына ұйытқы болған. «Абай жолы» романындағы ономастикалық атауларға жасалған лингвомәдениеттанымдық талдау көрсеткендегі жалқы есімдердің мағыналарында пайда болған және имплициттік формада бекітілген мәдени коннотациялар этностың мәдени-шаруашылық болмысы мен олардың дүниетанымының негізінде пайда болған танбалық көріністермен қатысты қаралады. Мұндай құбылысты романдағы: *«Базарлы – Тәкежан дауы» деген бәле-ге бүкіл бір ояз, Семей оязының болысы мен жуандары ат салыса бастады. Аршалы Керейінен – Рақыш, Бәсентиіннен – Әлі, Бурадан – Алдоңгар, Ылди бойынан – Нұркеннің Теміргали, Қокеннің Уагынан – пысық болыс Нұрке, Қарагай ішіндеңгі, ішкі*

жасақтагы Белагаш болысынан – ширак, шебер Айтқазы, Семейтау болысынан – Шынжы сияқты бүкіл бір ояз ел сабагы қосылған. Әрі әкім, әрі жуандар қазір Құнанбай балаларының айналасына қатарын қосып, білегін де, тілегін де біріктіріп алды [2, 121] деген мысалдағы *«Базарлы – Тәкежан дауы»* деген тіркестен де байқауға болады. Расында бұл даудың астарында этноска белгілі, ұлттық тарихи ақпарат бар. Дегенмен оның шынайы мәні қазіргі тілдік қоғамдастықтың кейінгі өкілдері үшін жасырын түрде қалып отыр. «Абай жолы» романындағы ономастикалық атаулар «ғаламның тілдік бейнесіндегі» ұлттық мәдени сипатты анықтаушы лингвомәдени бірліктер ретінде де ерекше қызмет аткарады. Себебі, көркем әдебиеттің ономастикасы сан түрлі болуы мүмкін. Бірі автор тарапынан стильдік мақсатқа сай ойдан алынған онимдер, енді бірі танымның түрлі типтеріне орай алынған жалпы есімдер. Ал біз қарастырып отырған шығарманың ономастикалық жүйесі өмірден алынған онимдермен (антропоним, топоним, гидроним т.б. онимдер) ерекшеленеді. Мұндағы онимдер ақиқат дүниенің ономастикалық кеңістігіндегі ұлттық мәдени ерекшеліктерін, мәнділіктерін, құндылықтарын айқындайды, халықтың когнитивтік санасымен тығыз байланысты болып келеді. Шығармадағы онимдердің лингвомәдени семантикасы белгілі бір кезеңдегі этностын, ұлттың тіл мен мәдениеттің өзара байланысын, жалқы лингвомәдени құндылықтарын айфактайды. Мысалы, Тобықты руына және онымен құрамдас ру-тайпалардың көшпелі мал шаруашылығы, этноәлеуметтік құрылымына, мәдениеті мен болмысына, саяси және психологиялық сипатына тән, соны айқындастырылған онимдердің семантикасы мен ономастикалық концептлеріндегі ерекшелікті бейнелейді. Сондықтан шығармадағы ономастикалық атауларды ерекше ақпаратқа ие мәдени мәтін деп есептеуге болады. Бұл шығармадағы онимдердің лингвомәдени, семантикалық, коммуникативтік т.б. қызметтерінен де байкалады.

Шығармадағы кез келген ономастикалық атау – лексикалық бірліктің барлық айрым белгілері мен сипатына тән сөз. Сонымен қатар онимдер тек өзіне ғана тән және басқалардан ерекшеленіп тұратын бірқатар семантикалық және семиотикалық өзгешеліктерге ие. Тілдік бірліктердің таңба ретінде өмір сүруі семантикалық, семиотикалық қасиеті мен коммуникативтік сипатына байланысты болады. Мысалы: *Арада*

оқта-текте гана кездескен топ үйлер бар. Олар не тонышылардың немесе былгары заводының, пима басатын заводтың және сұра мен арақ заводының өнім жайларын аңғартады. Осылай бірінен-бірі аулақтау орналасқан көсіп жайлары Семей қаласының «Затон» дейтін бір үлкен шеті болды. Бұл мекен-жайдың «Затон» деп атала себебі де – сол кемелер орналасатын ерекшелігінен туган ат. Жаңагы қағанғы көшөлөріне аласа, қоңырқай үйлері тығыз орналасқан кішкене қала, сол Затондағы көп кемелердің жұмыскер, қызметкерлері жайласқан орын болды [2, 85]. Бұдан байқайтынымыз шығармадағы ономастикалық кеңістігін құрайтын топонимдерінің кез келген мағыналық топтарында этностың рухани дүниесі мен болмысы, тілдік қоғамдастықтың «ғаламның тілдік бейнесі» тура-лы ұфымы, тілдік ұжымның шаруашылығы мен қоршаған орта туралы таным-түсінігі сақталған.

Ал мәтін түзушілік қызметті сөз еткенде көркем шығармадағы кейбір мәтіннің өзі ономастикалық атауға тәуелді болады. Себебі кейбір жалқы есімдер мәтіннің семантикасына ерекше сипат береді. Мысалы, романдағы: *Ақшоқыда* күзден бері жазу соңында болған *Магаш Африкада* **Ніл дариясы** бойындағы бір үлкен ерлік істі жыр етінні. Мейірімсіз байдың ер құлдан саза тартқанын көркем әңгіме еткен. Соңғы күндерде сол дастан *Ақшоқы*, *Корық*, *Кіндікті*, *Шолпан сияқты* жақын жердегі ауылдарга көшіріп, жатталып,

әнге қосылып тарап жатқан Ақшоқыда туган, бұдан бұрын тараган Дәрменнің «Еңілік- Кебегіне» *Магаштың соңы дастаны* «Медғат-Қасым» сыңар серіктей қосылған [2, 373] деген мәтіндегі Ніл дариясы «Медғат-Қасым» поэмасының негізгі өзегі. Өйткені поэмандың оқиға желісі Ніл дариясының бойында өткен. Бұл мәтін мен тілдік таңбаның, оның ішінде біз сөз етіп отырған ономастикалық атаудың мәтін түзуші қызметінің мол екендігін байқатады. Мұның барлығы, саралап келгенде, ономастикалық атаулардың этностың мәдени-шаруашылық болмысына, тарихына қатысты атау, сонымен қатар, семантикалық, семиотикалық, коммуникативтік қызметі жоғары тілдік таңба ғана емес, сондай-ақ, өз бойына түрлі тілдік, тілдік емес ақпараттарды жинақтаған, ментальды-мәдени құндылықтарды айқындайтын мәтін түзуші таңба екендігін көрсетеді.

ӘДЕБИЕТ

1. Фонякова О.И. Имя собственное в художественном тексте. Л., 1990.
2. Әуезов М. Абай жолы. 2-кітап. Алматы: Жазушы, 1961. 384 б.
3. Тілеубердиев Б. Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспекттері. Алматы: Арыс, 2006. 277 б.
4. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. Алматы: Рауан, 1991. 211 б.
5. Әуезов М. Абай жолы. 1-кітап. Алматы: Жазушы, 1961. 132 б.